



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№032 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ
2005 жылғы 17 қазан

Номиналы 200, 500, 1000, 2000, 5000 және
10000 теңге жаңа дизайндағы
банкноталарды алдағы уақытта
айналысқа шығару туралы

Ұлттық валютаның бірқатар банкноталарының дизайнның жоспарлы жаңарту қажеттілігін түсіндіруге қатысты көптеген өтініштерге байланысты Қазақстан Ұлттық Банкі 2006 жылы жаңа сериядағы банкноталарды айналысқа шығару туралы шешімнің “Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы” Заның тиісті бабына сәйкес қабылданғанын хабарлайды.

1. Ұлттық Банктің ұлттық валюта банкноталарын қорғау жөніндегі жоспарлы жұмысы. Ұлттық Банк жаңа банкноталарды әзірлеуді банкноталарға жаңа қорғау элементтерін ендірге себепші болатын ескерту шарасы ретінде қарастырады. Бұл полиграфиялық және компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты, оларды қолдан жасау мақсатында пайдалану бүкіл дүние жүзіндегі банкноталар серияларының қолданылу мерзімі 40 жылдан 15 жылға дейін қысқарғанына себеп болды.

Осылайша, жаңа банкноталарды шығару Қазақстан Ұлттық Банкінің валютаны қолдан жасау технологияларынан озып кету және азаматтардың жеке қаражатын қорғау жөніндегі саясатын іске асыру шарасы болып табылады.

Интерполдың орталық банктерге ақшаны қолдан жасаудың алдын алу нысандарының бірі ретінде тұрақты түрде ақша белгілерінің сыртқы түрін өзгертуді және олардың қорғау деңгейін әрбір 5-7 жыл сайын жаңартуды ұсынып отырғанын атап өткен жөн, себебі ақша белгілерінің дизайнын және қорғалуын ұзақ уақыт бойы пайдалану қолдан жасаудың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

2. Банкноталардың дизайнына қойылатын талаптар. Қазіргі уақытта Ұлттық Банктің мамандары купюралардың жаңа дизайнның әзірлеуге кірісуде. Сондыктан қазіргі кезде банкноталарға тән сипат туралы айту әлі ерте. Олардың дизайнына қойылатын белгілі бір, оның ішінде технологиялық талаптар бар. Тенденің графикалық бейнеленуі барынша женілдетілген, тез есте сақталатын болуы тиіс, бұл тұрақты оң ассоциациялары бар ұлттық валютаның танылуына кепілдік береді. Дамып келе жатқан Қазақстанның тарихы мен қазіргі заманға сәйкестігін көрсететін мемлекеттің рәміздері мен бейнелері жаңа сериядағы дизайннан көрініс табуы тиіс.

Банкноталарды қорғауды жетілдіруге келсек, онда сутамғы белгі, қорғау жібі, микромәтін, өтпелі регистр және жасырын бейнелеу сияқты тексерілген және сынақтан өткен қорғау элементтерінен басқа банкноталардың жаңа сериясында қолдан жасаудан қорғау саласындағы ең соңғы жетістіктер пайдаланылатын болады. Банкноталарды қорғаудағы баса назар арнайы құралдарды қолданусыз банкноталардың түпнұсқалылығын тексерудің қарапайымдылығын қамтамасыз етуге аударылады.

Қазіргі уақытта заманға сай көшіріп алу техникасының көмегімен құрделі бейнелерді шығару мүмкіндігі туындаған сэтте, көшіруге және еліктеуге жатпайтын қорғау элементтері маңызды рөл атқара бастады. Атап айтқанда, бірқатар елдер мен одақтардың валюталарында банкноталардың портретсіз дизайнын (евро, ресей рублі,

швейцар франкінің жоспарлы шығарылымы) пайдалану үрдісі анық. Ұлттық Банк осы дүниежүзілік практика негізінде портреттік бейнелерді пайдаланбауды болжап отыр. Тұрлі номиналдағы банкноталардың мөлшеріндегі айырма сияқты қорғау шарасын қолдану да ықтимал.

3. Банкноталар мен монеталардың құрылымдық қатарын сақтау.

Банкноталардың жаңа сериясы қолданыстағы сияқты номиналдар санынан тұрады, яғни оған бұрынғыданай номиналды өзгермейтін алты банкнота кіреді – 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңге. Номиналдар санын ұлғайту немесе азайту, жаңа жоғары номиналды енгізу жоспарланып отырған жоқ, себебі банкноталар мен монеталар қатарының барлық номиналдарының ара қатынасы айналыста қатаң орнықты және қолма-кол ақшамен есеп айырысу және айырбастау операциялары үшін қажеттіліктерді онтайлы қанағаттандырады.

Ұлттық валюта монеталары номиналдарының дизайны мен құны бұрынғыданай қалады.

4. 2006 жылдың жаңа сериядағы банкноталарды айналысқа енгізу мерзімдері. Жаңа сериядағы банкноталарды айналысқа енгізуіндегі нақты мерзімдерін Ұлттық Банк банкноталардың жаңа дизайнның әзірлеу және бекіту рәсімдерін аяқтағаннан кейін айқындаиды. Тиісті кезеңде жаңа банкноталарды таныстыру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады, олардың қорғау элементтері сипатталатын көрнекі материалдар шығарылады.

5. Айналыстағы ақша белгілерін жаңа дизайндағы банкноталарға ауыстыру мерзімдері. Ескі банкноталар бірте-бірте ұзақ мерзім бойы айналымнан алынатын болады, бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне сәйкес келеді. Ол мерзім аяқталғанша алынатын банкноталар толық номиналды құнын сақтайды, жаңа банкноталармен қатар еркін қабылданады және айырбасталады.